

«27» шілде 2016 жыл

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау туралы есеп ұсынды

«БЖЗҚ» АҚ ресми сайтына 2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнетақы активтері есебінен құралған инвестициялық қоржын құрылымы орналастырылды (<http://www.enpf.kz/upload/medialibrary/dbb/dbb47b8153d4ce4c8e8c68b859f2dea6.pdf>).

Инвестициялық қызмет туралы толық есеп салымшылардың зейнетақы жинақтарының қандай бағалы қағаздарға және қандай көлемде, қандай нарықтық бағамен инвестицияланатыны туралы мәліметті қамтиды.

2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері қоржынының ағымдағы құны 6, 22 трлн. болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару кеңесі отырысының 2016 жылғы 20 ақпандағы №01-9.2 хаттамасына сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтері 2016 жылы мынадай бағыттарға инвестицияланатын болады:

- республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу;
- шетелдік қаржы нарықтарына инвестициялау үшін шетелдік валюта сатып алу;
- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктердің келісілген қаржы құралдарына инвестициялау;
- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің келісілген борыштық бағалы қағаздарына инвестициялау.

Зейнетақы активтері қоржынының құрылымы мынадай түрде берілген.

ҚР МБҚ. 2016 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша қоржындағы ҚР МБҚ үлесі - 44,07%. Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА қоржынындағы ҚР МБҚ өтеуге орташа өлшенген табыстылық жылына 12,5%-ды құрады.

Шетелдік мемлекеттердің МБҚ. Есепті күндегі шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздарының көлемі бірінші тоқсанмен салыстырғанда артып (естеріңізге сала кетейік, шетелдік мемлекеттердің МБҚ үлесі 2016 жылғы 1 сәуірде 0,85% болған), 289,29 млрд. теңгені құрады (үлесі 4,65%).

ХҚҰ облигациялары. Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қоржындағы үлесі бірінші тоқсанда 1,41%-дан 1,37%-ға дейін азайды.

ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер. 2016 жылғы 01 шілдеде ҚР ЕДБ-дегі депозиттердің ағымдағы құны 429,1 млрд. теңгені құрады. 1 сәуірде қоржындағы депозиттер үлесі 5,57%-дан 6,89%-ға дейін артты. Депозиттер бойынша орташа өлшенген

«27» шілде 2016 жыл

сыйақы мөлшерлемесі - жылына 15,44%.

2016 жылғы 01 шілдеде қоржындағы **ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының** ағымдағы құны 107,73 млрд. теңгені құрады (үлесі 1,73%). Тоқсан ішінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының негізгі борышы 5,28 млрд. теңге сомасында өтелді. Екінші тоқсанда ҚР корпоративтік облигацияларын сатып алу болған жоқ.

2016 жылдың екінші тоқсанында қоржын құрылымындағы жекелеген топтарға Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары және екінші деңгейдегі банктердің облигациялары бөлінгендігін айта кеткен жөн.

ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары. 2016 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша БЖЗК қоржынындағы квазимемлекеттік облигациялар құны – 663,19 млрд. теңге, меншікті үлесі – 10,65%.

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары. 2016 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша қоржындағы ҚР ЕДБ облигацияларының үлесі 24,36%-ды құрады, ал ағымдағы құны – 1 516,37 млрд. теңге.

2016 жылғы 01 шілдедегі **шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының** ағымдағы құны 149,8 млрд. теңге болды және қоржындағы олардың үлесі бірінші тоқсанда 2,78%-дан 2,41%-ға дейін төмендеді.

Сондай-ақ БЖЗК қоржынына **шетелдік эмитенттердің PPN** (құрылымдық ноталар) (0,70%), **ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары** (1,79%), **шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары** (0,26%) кіреді.

Жалпы алғанда, қоржын құрылымы дұрыс табыстылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында таза инвестициялық табыс сомасы – 267,21 млрд. теңге.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗК) 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. «БЖЗК» АҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін көтеру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

«27» шілде 2016 жыл

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz